



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.И.Иманғалиев
« 1 » _____ 2016 ж.

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: «Технология (қыз балаларға арналған)» пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш бөліктен тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 11 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тестідегі орны
1	Өсімдік шаруашылығы туралы түсінік	1	Өсімдік шаруашылығы туралы түсінік	В	б/б	Б2-1
2	Қауіпсіздік техникасының ережелері	1	Қауіпсіздік техникасының ережелері	В	1/5	Б1-1
3	Тамақ әзірлеу технологиясы	1	Тамақтану негіздері, дастархан әзірлеу жолдары	В	б/б	Б2-2
4	Тігін бұйымдарын өңдеу технологиясы	1	Мататану	А, С	б/б, 1/5,	Б2-3, Б1-2
		2	Машинатану	А, В	1/5, 1/5	Б1-3, Б1-4
		3	Конструкциялау және үлгілеу. Бұйымды өңдеу	А,В,С	1/5, 1/5, 1/5	Б1-5, Б1-6, Б1-7
5	Сәндік-қолданбалы өнер	1	Сәндік-қолданбалы өнер	В	б/б	Б2-4

6	Тұрғын үй интерьері. Үй мәдениеті	1	Тұрғын үй интерьері. Үй мәдениеті	В	6/6	Б2-5
7	Кәсіптік бағдар, мамандық таңдау	1	Кәсіптік бағдар, мамандық таңдау	В	1/5	Б1-8
8	Үй экономикасы	1	Үй экономикасы	В	1/5	Б1-9
9	Ақпараттық технология негіздері	1	Ақпараттық технология негіздері	С	1/5	Б1-10
10	Жағдаяттық тапсырмалар. Өртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға).			А, А, В, В,С	1/5	Б3-1-5

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Ауылшаруашылығы өсімдіктерінің өсіру технологиясы: техникалық қауіпсіздік ережелері, ауылшаруашылығы өсімдіктерінің өсіру технологиясы;

Тігін бұйымдарын өңдеу технологиясы: Тігін бұйымдарын өңдеу технологиясы;

Тамақ әзірлеу технологиясы: техникалық-технологиялық мәліметтері;

Тұрғын үй интерьері. Үй мәдениеті: тұрғын үйдің ішкі көрінісінің композициясы, үй мәдениеті, киіз үй және оның жасаулары, бөлме өсімдіктері мен жиһаз күтімі.

Сәндік-қолданбалы өнер: сәндік қолданбалы өнер, ілмек бізбен тоқылатын бұйымдар, фотодизайн, құрақ құрау;

Кәсіптік бағдар және экология: мамандықтарды жіктеу, кәсіпке қызығушылық, бейімділік және қабілеттілік

Үй экономикасы және кәсіпкерлік негізі: үй экономикасының маңызы мен мақсаты, техникалық-технологиялық мәліметтерді меңгеру.

Ақпараттық технология негіздері: техникалық-технологиялық мәліметтерді меңгеру, ақпарат түрлері, ақпарат алу, жіберу, сақтау және пайдалану.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

ҰТО директоры



Қ. Әбдиев